ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ОН ЕКІНШІ ОТЫРЫС

Анкара (онлайн), 2025 жылғы 25 ақпан

ҰСЫНЫМ

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Парламенттік Ассамблея:

ТҮРКПА мүше елдеріндегі экономиканың тұрақты дамуының факторы ретінде энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қолдағы бар мүмкіндіктерді қолдану қажеттілігін ***түсіне отырып***;

біріктірілген Түркі энергетика нарығын құру арқылы ТҮРКПА мүше мемлекеттер арасындағы энергетикалық ынтымақтастықты институцияландыру үшін жағдай жасаудың маңыздылығына ***баса назар аудара отырып***;

Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарына, атап айтқанда 7-ші ТДМ: «барлығына қолжетімді, сенімді, тұрақты және заманауи энергияға қол жеткізуді қамтамасыз ету» мақсатына қол жеткізуге деген ұмтылысымызды ***растай отырып***;

сауда-экономикалық дамуды ынталандыру мақсатында ТҮРКПА мүше елдері мақұлдаған халықаралық келісімшарттарда белгіленген ТҮРКПА аумағынан өтетін транзиттік бағыттардың қолайлы болуы үшін қолайлы жағдайлар жасаудың қажеттілігін ***мойындай отырып***;

ТҮРКПА мүше мемлекеттердің ұлттық экономикаларын нығайтуға бағытталған өзара ынтымақтастық іс-әрекеттердің барлығын ***құптай отырып***;

ТҮРКПА өңіріндегі бірлескен экономикалық ынтымақтастыққа үлес қосу үшін кез келген тараптың бастамасын қолдаудың маңыздылығын ***растай отырып***;

күрделеніп келе жатқан геосаяси және халықаралық энергетикалық жағдайда ТҮРКПА ынтымақтастығын өзара тиімді сауда тетіктерін жетілдіруге бағыттау керек екенін ***сезіне отырып***;

тұрақты өсу мен экономикалық дамудың маңызды элементі ретінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты ынталандыру мақсатында транзиттік әлеуетті өсіру қажеттілігін ***түсіне отырып***;

Парламенттер мен депутаттардың заңнаманы қабылдау, бюджеттерді бекіту, ресурстарды жұмылдыру арқылы энергияны өндіруде, өңдеуде, тасымалдауда және тұтынуда, сондай-ақ ұлттық экономиканың энергия өндіру мен энергия тұтынумен байланысты барлық секторларында ерекше рөлін ***ескере отырып***,

ТҮРКПА мүше елдердің парламенттеріне келесіні **ұсынады**:

a) кейіннен ТҮРКПА мүше елдердің заңнамасын үйлестіруге және жақындастыруға бағыттайтын сауда өкілдіктеріне энергетикалық қауіпсіздікке қатысты құқықтық базаны *жетілдіру;*

b) ТҮРКПА мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты энергияны әртараптандыру және таза/жасыл энергетика, әсіресе күн, жел, атом энергетикасы, биоэнергетика сияқты жаңартылатын энергия саласында бірлескен инвестициялар, білім, тәжірибе және ноу-хау алмасу арқылы *қаттамасыз ету;*

c) ТҮРКПА мүше елдердің тиісті саладағы заңнамасын жақындастыру мақсатында мүдделі тараптарға арналған энергетикалық қауіпсіздікті және экономикалық әлеуетті іске асыруға бағытталған инвестициялық бағдарламаларды тиімді пайдалануға байланысты ұлттық және халықаралық озық тәжірибені *зерделеу*;

d) ТҮРКПА мүше мемлекеттерге қауіпсіз, тұрақты, бәсекеге қабілетті және қолжетімді энергияны жеткізу үшін саясатты үйлестіру, энергетикалық сауданы, инвестицияларды ілгерілету, энергетикалық өнімдер өндірісіне қосылу, ғылыми-зерттеу және технологиялық

ынтымақтастық арқылы ТҮРКПА мүше мемлекеттер арасында энергетика саласындағы стратегиялық серіктестікті *құру*;

e) аймақтағы Баку-Тбилиси-Джейхан, Баку-Тбилиси-Эрзурум, Оңтүстік газ дәлізі және оның құрамдас бөліктері Транс-Анадолы табиғи газ құбыры (TANAP) және Транс Адриатикалық құбыр (TAP) сияқты стратегиялық энергетикалық инфрақұрылым жобаларын *дамыту*, ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің сұранысын *қанағаттандыру*, оларды баламалы маршруттармен *қамтамасыз ету*, сондай-ақ Еуропалық және жаһандық энергетикалық қауіпсіздікке үлес *қосу*;

f) шығындарды азайту және заманауи энергетикалық технологияларды, атап айтқанда энергия тиімділігі мен энергияны сақтауға байланысты технологияларды пайдалануды арттыру, сондай-ақ мұнай-химия өнімдерін бірлесіп өндіру және тарату мақсатында зерттеулер мен инновацияларды жүргізу үшін үкіметтер мен жеке секторлар арасындағы тығыз ынтымақтастықты *қамтамасыз ету*;

g) Халықаралық энергетикалық агенттік (ХЭА), Халықаралық жаңартылатын энергия агенттігі (IRENA) және Энергетикалық Хартияны қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық *орнату*;

h) ТҮРКПА мүше мемлекеттер арасындағы энергетикалық ынтымақтастықты таза жеткізуші-тұтынушы қарым-қатынасынан энергияны әртараптандыруға және таза/жасыл энергияға баса назар аудара отырып, энергетикалық қауіпсіздік пен тиімділікті қолдайтын технологияға негізделген ынтымақтастыққа *ауыстыру*;

i) қалалық және ауылдық жерлерде тұратын үй шаруашылықтары мен қауымдастықтар үшін қолжетімді таза/жасыл энергия тасымалдаушыларына және түпкілікті пайдалану қызметтеріне жалпыға бірдей қолжетімділікті *қамтамасыз ету*;

j) төмен көміртекті даму саласында, атап айтқанда өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, энергетикада, көлікте және жаңартылатын энергия көздерінде кең халықаралық алмасуды және әртүрлі озық технологияларды *дамыту*;

k) шығарындылары төмен энергетикалық желілерді жеделдететін, ластануды азайтатын және ресурстардың тиімділігін оңтайландыратын жасыл цифрлық шешімдерді енгізуді *қолдау*;

l) Транскаспий табиғи газ құбыры жобасында жоғары ағынды жобалар арқылы өндірілген мұнай мен табиғи газды халықаралық нарықтарға тасымалдауға мүмкіндік беретін ортақ ұстанымды *қабылдау*;

m) мұнай мен газды тасымалдау-тарату құбырларында, сақтау қоймаларында және инженерлік жобалауға, инженерлік, техникалық

кеңес беруге, құрылысқа және пайдалануға қатысты басқа да инфрақұрылымда алдыңғы қатарлы, сондай-ақ жоғары, орта және төменгі ағынды жобаларын дамыту жобаларында және мұнай мен газ саудасында ынтымақтастық үшін мүмкіндіктер *жасау*;

n) «BOTAŞ» мұнай құбыры корпорациясының құбыр қауіпсіздігі және Қадағалауды бақылау және деректерді жинау (SCADA) саласындағы тәжірибесі мен технологиясын беруден бастап, құбырларды басқару және құбырды жаңғырту бойынша сарапшылық алмасулар арқылы білім мен технологиялар трансфертін қамтамасыз ету мүмкіндігін *зерттеу;*

o) энергия шикізатын өндірушілермен де, әлеуетті тұтынушылармен де ынтымақтастық байланыстарды *кеңейту* және энергия үнемдеу технологияларына көшуді *қамтамасыз ету*, сондай-ақ электр станцияларын салу және жаңғырту арқылы саланың қуатын *арттыру*;

p) жаңа энергетикалық қуаттарды енгізуді қысқартып қана қоймай, сонымен қатар электр станцияларының ескірген жабдықтарын ауыстыруға, экологиялық жүктемені азайтуға және жаңартылатын энергия көздерінің экологиялық таза қондырғыларын игеру үшін қаржы ресурстарын босатуға мүмкіндік беретін энергияны үнемдейтін, жоғары үнемді жабдықты *пайдалану*;

q) қолданыстағы және реконструкцияланатын объектілердің, технологиялар мен жабдықтардың энергия үнемдеу өнімдеріне сараптама *жүргізу*; энергия үнемдейтін жабдықтар мен өнімдерді енгізу жобаларының іске асырылуын *қамтамасыз ету*; энергия өндіру және тұтыну режимдерін оңтайландыруды, оның есебі мен бақылауын ұйымдастыруды *енгізу*; энергия ресурстарын үнемдеуді қамтамасыз ететін жаңа құрылыс нормалары мен ережелерін *енгізу* және қолданыстағы құрылыс нормаларын *жетілдіру*;

r) жаңартылатын энергия көздерін, сондай-ақ табиғи энергетикалық ресурстарды пайдалануды реттеу тетіктері мен құралдарын өндіруді және пайдалануды ынталандыру бойынша бірқатар фискалдық және әкімшілік шараларды *қабылдау*, сондай-ақ халықты энергия тиімді өндірістерді пайдалануға ұмтылуға *ынталандыру* және энергия үнемдеу мінез-құлқына *тәрбиелеу*.